

**ПРОФЕССОР АМАНЖОЛ БОРАНБАЙҰЛЫ  
ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР**

**Болат Ешмұхамедұлы КОМЕКОВ**

- ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы,  
профессор, Халықаралық Қыпшақтану Институтының  
директоры.

**Берекет Бақытжанұлы КӨРІБАЕВ**

- ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
профессоры, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі,  
тарих ғылымдарының докторы.

**«Бар қазақты бауырым деп бауырына басқан...»  
(Тарих ғылымдарының докторы, профессор Аманжол  
Боранбайұлы Қалыш туралы үзік сырлар)**

Гуманитарлық ғылымда, оның ішінде тарих ғылымында уақыт пен кеңістік деген ұғымдардың алатын орны ерекше. Уақыт деген ұғымның мәні мен мазмұнын, мағынасы мен маңызын, орны мен ролін адам баласы жастау кезінде елеулі бермеуі қалай заңдылық болса, дәл солай белгілі бір жасқа келгенде уақыттың қадір-қасиетін ерекше бағалап, оның мәнін де, маңызын да, ролін айрықша құрметтеуі тағы да заңдылыққа жатады екен. Әсіресе, адам жасын уақыт деген ұғымның мөлшерімен салыстыра қарағанда, бұрынғы ақсақалдар айтқандай, егде жас деген деген көзді ашып жұмғандай ғана екендігіне сенбеске шараң қалмайды. Осыдан тура он жыл бұрын тарих ғылымдарының докторы, елімізге белгілі этнолог-ғалым, бірімізге әрі іні, әрі шөкірт, ал бірімізге әрі аға, әрі әріптес боп келетін Аманжол Боранбайұлы Қалыштың 60 жасқа толған мерейтойында болсақ, енді міне, 70 жылдық мерейтойына дайындалып жатырмыз. Осыдан кейін-ақ уақыт деген күдіреттің күштілігіне таңқалмай, жылдамдығына тамсанбай көр.

Әбекең жетпіс жылдық мерейтойына қай жағынан болсын, ғылыми жетістіктері жағынан да, жеке басының атақ-абырой жағынан жақсы табыстармен келіп отыр. Жалпы қандай адам болмасын ол өз ортасында басқалармен қарым-қатынастар орнату барысында ең алдымен, бүкіл адамзат баласына ортақ

принциптерді қабылдап, соларды басшылыққа алады. Әбекеңді қаншама уақыт білсек, соншама уақыт оның адамдармен қатынасында мызғымайтын негізгі бір принциптерді байқаймыз. Ол – жасы үлкейгенді құрметтеу, қатарластарымен сыйласу, қиналғандарға жанашырлық көрсету, әлсіздерге көмектесу, жасы кішілерге ізеттілік секілді адамзат баласының мыңдаған жылдар бойы қалыптастырған асыл қасиеттері. Қазақ халқы мұндай қасиеттерді «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Адам сыйлағанның құлы» деген сөз тіркестерімен, мақал-мәтелдермен айтып жатады. Осындай қасиеттерді бойына сіңіріп, адамдармен қарым-қатынастарында басты тірек еткен Әбекең тек қана ұжымында ғана, жақын таныстар арасында ғана емес, сонымен бірге өзі араласқан кез-келген ортада ерекше сый-құрметке ие болып отыр. Оның осындай болуына ата-баба жолы, ата-ана тәрбиесі, өскен ортасы, білім алған ұясы, мамандық алған университеттегі және тағы басқа адамның тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететін барлық факторларды ықпал етті деуге болады. Әбекең бойындағы осындай игі қасиеттер кейіннен оны бар қазақ баласын бауырындай көруге алып келеді.

Аманжолдың өмірбаяны Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде өмірге келген ғалым ағалары мен ғалым құрдастарының өмір жолдарына ұқсас келеді, тек сәл айырмашылықтары ғана бар. Барлық салалардағы ғалымдардың өмірбаяндарына бармай-ақ, тек тарих ғылымындағы аға буын өкілдерінің өмір жолдарына қарасақ, олардың бәрі бірден ғылым майданына ене алмаған екен. Олардың бір тобы ғылым жолына түсу үшін, алдымен жоғары оқу орындарына қабылдану үшін күресті деуге болады. Бірнеше жылдық еңбек стажы арқылы, 20-25 жас аралығында жоғары оқу орнына қабылдана, аздаған екінші бір тобы орта мектепті үздік аяқтап, бірден жоғары оқу орындарының студенттері атанады. Әбекең осы екінші топтағы ғалымдар қатарына жатады.

Әбекең 1954 жылы 30 наурыз күні Ақтөбе облысы, Қандағаш қаласында теміржолшы отбасында дүниеге келеді. Ол кішкентай кезінен алғыр, тілалғыш, намысқой, елгезек, ұқыпты, кітап оқығанды жақсы көретін, бір шаруа бастаса аяғына дейін жеткізетін және соған асығатын бала болып өседі.

Бала кездегі осы қасиеттер күні бүгінге дейін оның бойында кездеседі. Орта мектепті Орынбор облысының Орск қаласында өте жақсымен аяқтайды. Мектепте оқып жүріп тарихшы болуды армандаған ол, Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетіне түсуге дайындалады. Тіпті, оқуға қабылдау ережелерін жаттап та алады. Тарихи тақырыптардағы қолға түскен кітаптардың бәрін оқып шықты деуге болады. Соның пайдасы тиіп, 1972 жылы қабылдау сынақтарын ойдағыдай тапсырып, университеттің тарих факультетінің студенті атанады.

Әбекеңнің бала кезіндегі, одан кейінгі мектептің оқушысы кезіндегі қасиеттерінің бәрі университет қабырғасында одан әрі жалғасып, жауапкершілік деген қасиеттермен одан әрі артады. Бірінші курстан бастап білімді бірінші орынға қойған Аманжол Боранбайұлы қысқы, көктемгі сессиялар кезіндегі барлық сынақтарды тек «өте жақсы» деген бағаларға тапсырып отырады. Сонымен бірге жалынды жастық жігермен факультеттің, университеттің студенттер арасындағы қоғамдық, мәдени өмірге белсене араласады. Сол кездегі тарих факультетінің деканы Дулатова Дина Исабайқызы жігерлі де білімді жасты бірден аңғарып, оны факультеттің комсомол ұйымының жетекшісі етіп сайлайды. Әбекеңнің осы кезде тағы бір қасиеті ашылып, байқалады, ол – ұйымдастырушылық қасиет болатын.

Дулатова Дина Исабайқызы 1972-1977 жылдары тарих факультетінің деканы міндетін атқарған жылдары Аманжол Қалыш та дәл осы жылдары тарих факультетінің студенті болады. Талап қойғыш әрі принципшіл, бірақ әділдікті сүйетін Дина Исабайқызы жастарға сенім білдіріп, зор үміт артады. Әбекеңнің ұйымдастырушылық қасиеті арқасында тарих факультетінің студенттері университет көлеміндегі түрлі спорттық жарыстарда, көркемөнерпаздар арасындағы сайыстарда, әртүрлі мәдени шараларда тек алдыңғы қатарлардан көрінеді. Тарих факультетіндегі осындай жетістіктерді университет басшылығы да аңғарады. Сөйтіп, біздің Әбекеңнің студент бола жүре университет деңгейіндегі студенттік өмірге де араласып, оның жеке салаларына басшылық етеді. Адал еңбектің ешқашан еш кетпейтіні белгілі. 1976 жылы университет тарихында бұрын соңды болмаған оқиға болады. 4

курс студенті, тарих факультеті комсомол ұйымының хатшысы Аманжол Боранбайұлы Қалыш үздік білімі мен қоғамдық өмірдегі белсенділігі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады.

Әбекеңнің бойындағы көп қасиеттерінің біріне оның – турашылығы мен шыншылдығы және принципшілдігі болатын. Бірде ол қаласа да, қаламаса да комсомол ұйымының хатшысы ретінде факультеттің ғылыми кеңесінің мүшесі ретінде ұстаздары арасында болған текетірес күрестің ортасына түсіп қалады. Күрестің бір жағында ерекше құрметтейтін ұстазы факультет деканы тұрса, екінші жағында ерекше сыйлайтын ұстаздарының бірі тұрады. Бір конкурстық мәселеде ұстаздары екіге жарылып, жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша тең дауыс жиналады. Дауыс бермеген бір адам екен, ол – факультеттің комсомол хатшысы және 5 курс студенті Қалыш Аманжол. Сонымен ғылыми кеңестің төрағасы студентті тауып, жиналысқа тез келсін деп тапсырма береді. Студенттің дауысы шешуші дауыс екенін білген екі жақтың өкілдері оған жағдайды түсіндіріп, дауыс беру тәртібі мен ережесін түсіндіреді. Әбекең қандай оттың ортасында қалғанын дауыс беру қағазын қолына алғанда түсінеді. Осы кезде ол ешкімнің де жүзіне қарамай, өз ақылына сеніп, турашылық принципін ту етіп, өз дауысын береді. Жәшікте жиналған дауыс беру қағаздарын санағанда, бір дауыс артықшылықпен Әбекеңнің ерекше құрметтейтін апайы жеңіп шығады. Осылайша, Әбекеңнің бойына біткен осындай қасиеттері оның өмірлік қағидасы мен темірқазықтай сеніміне айналып, күні бүгінге дейін ажырамай келеді.

Студент кезінен университет ректоры, академик Ө.А. Жолдасбековтың көзіне ілінген Әбекең басшылықтың шешімімен университет комсомол ұйымы жетекшісінің орынбасары және университеттің студенттік ғылыми-зерттеу жұмысының торағасы етіп бекітіледі. Осылайша, көпшілікпен жұмыс жасау, жастардың ынта-жігері мен бойларындағы күш-қуатын ғылымға, қоғамдық пайдалы жұмыстарға бағыттау, жастармен тәрбиелік және мәдени сипаттағы жұмыстар Әбекеңді көпшіліктің проблемаларын тез ұғынуға, оларды тез түсінуге алып келеді. Жастармен жақындасу, оларды жақын тарту Әбекеңнің бойындағы адами қасиеттермен ұштасып, онда

барлық адамды бауырым деп санайтын жақсы қасиеттер қалыптаса бастайды. Қазіргі таңда осы жақсы қасиеттерді «а» деп аузын аша бастағаннан оның бойынан анық байқала бастайды.

Енді Әбекең бойындағы «бар қазақ бауырым» деген жақсы бір қасиеттің көрініс берген тұстарынан бір-екі дәлел келтіре кеткен дұрыс болар деген оймен өзіміз күәгер болған оқиғаларды айта кетсек дейміз. Бұл шамамен 1990-шы жылдардың бірінші жартысында, дәлірек айтсақ, 1992 немесе 1993 жылы болып еді. Ол кезде тарих факультетінің деканы, профессор Қуаныш Сүлейменұлы Қаражан, ал деканның орынбасары Аманжол Қалыш болатын. Тарих факультетінің студенттері қалашықтағы Леб жатақханада тұрушы еді. Жаздың алғашқы айының соңғы бір күндері жатақханада төтенша оқиға болып, оқу бітіріп жатқан 5-ші курстың бір студенті сонда тұратын төртін сақшыларының соққысынан көз жұмады. Ал милиция қызметкерлері болса бар кінәні студенттің өзіне бұрып, жазадан құтылып кетпекші болады. Студенттің ата-анасы басқа облыста тұратын қарапайым ғана көп балалы отбасы екен. Осы кезде Әбекеңнің адами қасиеті мен әділдікті ту еткен принципі анық көрінеді. Алдыменен, қайтыс болған студенттің денесін аулына дейін жеткізіп, ата-анасына көңіл айтады, жерлеуіне қатысып, топырақ салады. Одан әрі әділдікті ту етіп, студенттің қазасына кінәлілерді анықтауға, олардың тиісті жазаларын алуына бар күшін салады. Екі жылдай уақытқа созылған тергеу шаралары мен сот мәжілістеріне өзі қатыса жүріп, сот шешімінің бұрыс кетпеуін қадағалап, ақыры сот үйымдарының әділ шешім шығаруына тікелей ықпал етеді.

Әбекең осы бір кезеңде өзінің нағыз турашыл, әділдікті жаны сүйетін тұлға ретінде көрсете білді. Оған студенттің ата-анасы мен алыс-жақын туыстары, группаластары, бүкіл факультет зор үміт артып отыр еді. Ол қаншама алтын уақыттарын, күш-жігері мен қайратын жұмсай отыра, ақыры, жеңіске жетеді. Сонымен бірге ол қайтыс болған студенттің мектеп бітіріп отырған туған қарындасын өзімен бірге Алматыға ертіп келіп, университеттің тарих факультетіне түсуіне көмектеседі. Одан әрі кейін естігеніміздей, Аманжол Боранбайұлы «бар қазақ бауырым» деген қағидаға сай, қайтыс

болған студенттің туыстарының бәрімен туғандай болып кетеді және күні бүгінге дейін олармен туыстық байланыстар орнатып отыр. Біз келтірген осы бір эпизод арқылы Әбекеңнің бойындағы барлық адами қасиеттердің жиынтығын көруге болады. Сондай-ақ осы штрих Әбекеңнің болмысынан бауырмалдық қасиеттің де ерекше дамығандығын көрсетеді.

Дәл осындай жағдай 1993 жылы болды. Тарих факультетінің 1 курс студенттері оқу бағдарламасына сай көктемгі сессиядан соң міндетті түрде шілде айында Жамбыл облысының Шу ауданы аумағында орналасқан ортағасырлық Баласағұн қаласының орнында археологиялық практикадан өтетін. Сонда өтіп жатқан студент қыздардың бірі тал түс кезінде күрбыларымен бірге суға түсуге барып, батып кетеді. Қыздың ата-анасы Алматы қаласының іргесіндегі ауылдардың бірінде тұратын қарапайым отбасы еді. Мұндай суық және суыт хабарды енді ғана еңбек демалысына шыққан біздер естіп, шошып кеттік. Ұмытпасам сол кездегі факультет деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Жамбатырова Гүлжаухар Шағатайқызы болатын. Ал Әбекең факультет деканының орынбасары еді. Декан апайымыз барлық шаруаны тағы да өрі жақсы ұйымдастырушы, халықтың әдет-ғұрпы мен дәстүр-салтын жақсы білетін, кез келген адаммен тіл табыса алатын Аманжол Боранбайұлына тапсырады. Бұл жолы да Әбекең өзіне тән қасиеттеріне сай тапсырманы ойдағыдай орындап шықты. Тіпті өз қалтасынан қаражат шығарып, факультеттің жас оқытушылармен бірлесіп бір қап қант, бірнеше қап үн және тағы басқа қажетті азық-түлікті суға кеткен қыздың ата-анасының үйіне жеткізіп берді. Сол кезден бүгінгі күндерге дейін 30 жылдан аса уақыт өтсе де Әбекең сол қыздың ата-анасымен, олардың жақын туыстарымен туған бауырлардай араласып-құраласып тұрады.

Біз келтірген осы екі эпизод Әбекеңнің өміріндегі біз білетін және күәгері болған оқиғалар. Ал ол жасаған, көмек ретінде қолының ұшып тигізен өмірдің біз білмейтін штрихтері қаншама! Олар тек бір Аллаға ғана аян!

Осылайша, бар қазақты бауырым деп бауырына басқан Әбекең 1990-шы жылдарда елімізде орын алған дағдарыстар кезінде қиыншылықтарға тап болған, бастарына

ауыртпашылық түскен, ауыр жағдайларға тап болған қазақ отбасы мен азаматтарына қолдан келген бар көмегін аямай, шын ниетімен көмек қолын созды, ақыл-кеңестерін берді. Солардың бәрімен Әбекен күні бүгінге дейін байланысып тұрады.

Қазақ халқында «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген жақсы мақал бар. Тарих ғылымдарының докторы, белгілі этнолог Аманжол Боранбайұлының алами қасиеттерінің көріністерін мерейтойы қарсаңында мерей үстем болсын деген оймен және басқаларға үлгі-өнеге болсын деген ниетпен ерекше атап өтуді дұрыс деп санап отырмыз. Құдайдың өзі тумысынан оған үлкен жүрекке тән бауырмалдық қасиет берсе, ол қасиет қай жерде, қандай формада болмасын көріністерін байқататыны заңдылық. Біздің Әбекеннің студент кездегі комсомол хатшысы ретінде факультет студенттеріне көмегі туралы сол кезде қатар оқыған курстастары айтса, факультет деканының орынбасары ретінде көмегіне жана ған біз келтірген эпизодтар мысал бола алады. Ал қазіргі таңда ғылым докторы, оқытушы-профессор ретінде факультет студенттеріне, әсіресе оралман қандастарға көмегі, ғылыми жетекші ретінде ғылым жолына түскен жас шәкірттеріне, сарапшы, кеңесші ретінде жас ізденушілерге әр түрлі формадағы көмектері мен ақыл-кеңестерін біздер күнделікті өмірде көріп те, естіп те жүрміз. Мұндай көмектер Әбекен тарапынан жалғаса беретініне біз ешбір күмән келтірмейміз.

Әбекеннің біз бойынан байқаған тағы бір жақсы қасиеті, ол – өзіне жақсылық жасаған адамдарды ерекше құрмет тұтуы, сыйлауы жатады. Студент кезінде Әбекеннің туған анасындай құрметтеген адамы – факультет деканы, кейіннен Қазақ КСР тарихы кафедрасының менгерушісі болған, бәріміздің ұстазымыз, тарих ғылымдарының докторы, профессор Дина Исабайқызы Дулатова болды. Әбекеннен қай кезде болмасын Дина Исабайқызы туралы пікірін сұрай қалсаңыз ұстазы туралы таңнан кешке дейін тоқтамай мақтау мен мадақтаулар айтуға даяр екеніне талай рет көзімізді жеткізгенбіз. Сол сияқты өміржолы мен ғылым жолында кеңес беріп, ақыл айтқан, бағыт көрсетіп, демеу көрсеткен ұстаздары мен ағалары – академиктер Ө.А. Жолдасбеков, Ә.Х. Марғұлан, А.Н. Нүсіпбеков, Б.А. Төлепбаев, Р.Б. Сүлейменов, М.К. Қозыбаев,

М.-А.Х. Асылбеков, К. Нұрпейісов, М.Қ. Қойгелдиев, профессорлар – Х.А. Аргынбаев, М.С. Мұқанов, А.Қ. Құсайнов, Қ.С. Қаражановтар туралы ыстық лебіздерін студенттерге айтудан шаршамайды.

Жалпы, тұлға туралы сөз қозғағанда оның ғылыми еңбектері мен қоғам үшін жасаған жұмыстары айтылып жатады. Ал сол адамның тұлға ретінде қалыптасуына тікелей әсер еткен оның бойындағы қасиеттер көп айтыла бермейді. Ал біз Әбекеннің мерейтойы қарсаңында оның бойындағы жақсы адами қасиеттердің бірнешеуін ғана айтып өттік. Солардың ішіндегі ең маңыздысы, біздің ойымызша, «бар қазақты бауырым деп бауырына басқызған» оның бойындағы бауырмалдық қасиеті болса керек. Осы қасиет бар қазақтың бойында болса екен деп тілейік.

Сөз соңында Әбекенге айтарымыз, 70 жасқа келген мерейтойыңыз құтты болсын. Өзіне және отбасыңыз бен әулетіңізге амандық пен саулық, бақыт пен байлық, табыс пен шабыт тілейміз. Бойыңыздағы құдай берген және ата жолы мен ата-анадан дарыған асыл қасиеттеріңіз Сізді үнемі алға жетелеп отырсын. Бала-шаға мен немерелеріңіздің қызықтарына тоймаңыз дегіміз келеді. Тойыңыз құтты болсын!

